

«Бекітемін»  
Т.Рысқұлов ауданының  
білім бөлімінің басшысы  
М.Сванов  
« 17 » 11 2025ж



# ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫ

## бағдарламасындағы Шахмат (Ұ,Қ.) арасындағы аудандық жарысының ЕРЕЖЕСІ

Құлан ауылы  
2025 жыл

## I. Мақсаты және міндеттері.

- Балаларды зиянды әдеттерден спорт арқылы көңілін аудару;
- Рухани жігерлілікке, адамгершілікке, патриоттыққа тәрбиелеу;
- Спорттық ізбасарларды қалыптастыру үшін дарынды ойыншыларды табу;
- Өңірлік мектептердегі спорт түрлерін дамытудың деңгейін арттыру.
- Білім беру ұйымдарындағы оқушыларды тұрақты түрде спортпен шұғылдануға тарту;
- Ойын спорт түрлерінен білім беру ұйымдарының мектеп лигасының үздік сынып командаларын анықтау.
- Білім беру ұйымдарының оқушыларын командалық спорт түрлерінен үйрету;
- Салауатты өмір салтын насихаттау;

## II. Басшылық және ұйымдастыру

ҰМЛ өткізуді тікелей басқару ұйымдастыру комитеті бекіткен төрешілер алқасына жүктеледі.

Т.Рысқұлов ауданы білім бөлімі, Т.Рысқұлов аудан әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасымен бірлесіп жарысты жалпы үйлестіруді жүзеге асырады.

## III. Мерзімі және өтетін орны

ҰМЛ аудандық 3 кезеңде өткізіледі:

**Бірінші кезең** – Мектепішілік кезең. (Қыркүйек айында өтеді.)

**Екінші кезең** - Аймақтық кезең (Қазан айында өтеді.)

**Үшінші кезең** - Аудандық кезең **Шахмат 24-26 қараша күндері өтеді.**

## IV. Лигаға қатысу өтінім

Білім беру мекемелерінің 5-6, 7-8, 9-11 сынып оқушылары.

Жарысқа қатысушылар ағымдағы оқу жылының 1 қыркүйекке дейін Күнделік және Ұлттық білім беру деректер қоры жүйесіне тіркелу тиіс.

**Ескерту: Әрбір қатысушы өзі оқып жатқан сыныптан/мектептен қатысады.**

Мондаттық комиссияға мынандай құжаттар ұсынылады.

- Стандартты үлгіде өтінім.
- Анықтама немесе спортшының жеке карточкасы.
- Білім беру ұйымының оқушылардың өмірі мен қауіпсіздігіне жауапкершілік туралы бұйрығы.

## IV. Спорт түрлері бойынша

### 1. Шахмат

Ойындар Федерация бекіткен Шахмат ережелеріне сәйкес өткізіледі.

2025 жылдың 24,25,26 қараша күндері сағат 08:30 де Мондаттық комиссия отырысы.

№	Сыныбы	Қатысушы саны	Өтетін жері	Өтетін күні
1	5-6 сынып	3 ұл 1 қыз	Ақбұлақ орта мектебі	24.11.2025ж
2	7-8 сынып	3 ұл 1 қыз	Ақбұлақ орта мектебі	25.11.2025ж
3	9-11 сынып	3 ұл 1 қыз	Ақбұлақ орта мектебі	26.11.2025ж

Шахмат бойынша жарыстар осы жас топтарына сәйкес келетін шахмат халықаралық ережелер бойынша өткізіледі.

*Ескерту: Қыздар ер балдарға ойнай алмайды.*

*Ер балдар қыздарға ойнай алмайды.*

*Міндетті түрде командада 3 ұл, 1 қыз болуы керек.*

Команданың әр жеңісі үшін 2 ұпай, тең ойын үшін 1 ұпай, жеңіліс үшін 0 ұпай беріледі. Екі немесе Одан да командада бірдей ұпай болған жағдайда, жеңімпаздар келесі қосымша көрсеткіштер бойынша анықталады.

Командалық есепті:

1. Жинаған ұпай саны.
2. Команданың арасындағы жеке кездесу.
3. 1ші-тақтасындағы жеке ойын нәтижелері бойынша.
4. Қосымша «Блиц ойыны».

Командалар саны саны 10-нан асса онда Лига швейцарлық турнирдің ережесімен өтеді, егер командалар саны 10-нан кем болса, онда бұл турнир all play all ережесімен өткізіледі.

Турнирдің уақыт көрсеткіштері – 10 минут және 5 секунд әр жүріс сайын қосылады.

## VI. Тәртіпсіздік әрекеттер мен санкциялар

### Ойыншылар.

Ойыншының судьяларға, қарсыластар мен көрермендерге қарсы дөрекілік әрекеттері, әдепсіз сөйлегені, демонстрациялық түрде допты лақтыруы және басқа да ұқсас әрекеттері төрешіге қарсылық ретінде қарастырылады; Мұндай жағдайда ойыншыны жазалау халықаралық ресми Ережеге сәйкес орындалады.

## Командалар.

Команда ойыншылары өрескел тәртіп бұзушылық жасаған жағдайда, жаттықтырушылар команда басшылығынан шеттетіледі, сондай-ақ спорт ғимаратынан, ал команда ойыншылары жарыстан шығарылады (төбелес, спорт тәртібін бұзу, спорттық мүліктерді қирату және т.б.).

Тұрар Рысқұлов ауданы білім бөлімі командаға, команда өкілі мен жаттықтырушыларға көрсеткен өрескел сорақылық әрекеттері үшін шара қолдануға, сонымен қатар, турдың бас төрешісінің шешімін қайта қарап, олардың айыппұл санкциясын ұлғайтуға құқылы.

«Жалған құжаттарды, мөртабандарды, мөрлерді, бланкілерді, мемлекеттік пошта төлемі белгілерін, мемлекеттік наградаларды қолдан жасау, дайындау немесе өткізу» 2014 жылғы 3 шілде №226-V Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 385-бап.

## ҮІ. Жүлдегерлерді марапаттау.

Жарыста I-II-III орын алған командаларға Т.Рысқұлов ауданы білім бөлімінің арнайы дипломдарымен марапатталады.

ҮЛГІ:

«Ұлттық мектеп лигасының» \_\_\_\_\_ сынып оқушылары арасындағы  
Шахмат жарысына \_\_\_\_\_ командасынан  
ТАПСЫРЫС

№	Спортшының аты-жөні	Туған жылы, айы, күні	Сыныбы	Жсн	Дәрігер рұқсаты
1					
2					
3					

Мектеп директоры

Мөрі және қолы

Дәрігер

Мөрі және қолы

Жаттықтырушы

Қолы